

## Жәнібек ауданы бойынша 2022 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 14 қантардағы № 2 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде түрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13898 тіркелген) сәйкес Жәнібек ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Жәнібек ауданы бойынша 2022 жылға жұмыс орындарының квотасы үйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан үйымдардың жұмыскерлерінің тізімдік санынан үйимдар үшін келесі мөлшерлерде:

осы қаулының 1 - қосымшасына сәйкес пробация қызметінің есебінде түрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін он бес пайыз мөлшерінде;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін екі пайыз мөлшерінде белгіленсін.

2. Жәнібек ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 28 қантардағы №9 "Жәнібек ауданы бойынша 2021 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 152571 тіркелген, 2021 жылғы 1 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Жәнібек ауданы әкімі аппаратының басшысы осы қаулының Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын және Жәнібек ауданы әкімдігінің интернет ресурстарында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Молдағалиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*A.Сағималиев*

Жәнібек ауданы әкімдігінің  
2022 жылғы "14" қаңтардағы  
№ 2 қаулысына 1-косымша

**Жәнібек ауданы бойынша пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота**

№	Ұйымның атапу	Жұмыс орындарының саны	Квотаның көлемі (%) қызметкерлердің тізімдік санынан)	Белгіленген квотага сәйкес жұмыс орындар саны (бірлік)
1	"Әлем" шаруа қожалығы	6	15%	1
2	"Қайыр" шаруа қожалығы	4	15%	1

Жәнібек ауданы әкімдігінің  
2022 жылғы "14" қаңтардағы  
№ 2 қаулысына 2-косымша

**Жәнібек ауданы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота**

№	Ұйымның атапу	Жыл басы бойынша қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның көлемі (%) қызметкерлердің тізімдік санынан)	Белгіленген квотага сәйкес жұмыс орындар саны (бірлік)
1.	"Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы " Жәнібек аудандық ветеринариялық станциясы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	43	2%	1